

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының
2016ж. 26- мамырдағы
шешімімен бекітілген
хаттама № 50

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелсіз ұйымдарының
қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік ережесі**

Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1 Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелсіз ұйымдарының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің үлгілік ережесі (бұдан әрі-Ереже) қызметкерлерді және оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдаудың бірыңғай жүйесін белгілеу және кепілдік пакетке енетін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдемелерді (бұдан әрі-Әлеуметтік пакет) белгілеу және бөлу кезінде ашықтығын, айқындылық қағидаттарын және тәсілдемелерін қамтамасыз ету мақсаттарында әзірленген.

1.2. Осы Ереже қызметкерлерді және оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдаудың әлеуметтік пакетін және шаралар көрсетудің, оның түрлерін, мазмұнын, мөлшерін, шарттарын қалыптастыруды белгілейді.

1.3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 10.12.2012 ж. (№12/2012 хаттама) шешімімен бекітілген Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексіне сәйкес әзірленген.

1.4. Әлеуметтік қолдау тиімді жұмыс үшін қызметкерлерді қосымша материалдық ынталандыру, игілік және тартымды жағдай жасау және жоғары білікті мамандарды тарту, сондай-ақ тиімді-әлеуметтік еңбек қатынастарын ретке келтіру мақсатында көрсетіледі.

1.5. Әлеуметтік пакет кәсіподақ немесе өзге уәкілетті өкілдермен жұмыс беруші және қызметкер арасында жасалған ұжымдық шартпен осы Ережеге сәйкес белгілінеді. Кәсіподақ болмаған жағдайда, әлеуметтік пакетті қызметкерлердің уәкілетті өкілімен келісіп, ЕТҰ шешімі бекітеді.

1.6 ЕТҰ әлеуметтік қолдау қызметкерлерге, оның отбасы мүшелеріне келесіні қамтитын әлеуметтік пакет түрінде көрсетіледі:

- 1) материалдық көмек;
- 2) әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы;
- 3) әлеуметтік кепілдіктер.

1.7. Материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдемелерді қамтитын әлеуметтік пакетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Заңымен;
- 2) ҚМГ Басшылығы шешімімен;
- 3) Ұжымдық шартпен белгіленеді.

1.8. Әлеуметтік пакет түрлері

1.8.1. Әлеуметтік пакет келесі түрлерден тұрады:

- 1) кепілдікті әлеуметтік пакет;
- 2) қосымша әлеуметтік пакет.

1.8.2. Кепілдік әлеуметтік пакет материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақыны, әлеуметтік кепілдіктерді қамтиды:

1.8.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен кепілдік берілген:

1) әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы:

өндірістегі жазатайым оқиға, кәсіби ауру, мүгедектікті белгілеу нәтижесінде еңбекке қабілеттігін жоғалтқан қызметкермен белгіленген тәртіпте еңбек шартын бұзу кезіндегі төлем;

жұмыс берушімен бірге басқа жерге қызметкерді ауыстыру кезіндегі өтемақы; жұмысты жоғалтуға байланысты (штат қысқарған және ұйым жойылған кезде) өтемақы;

ЕАЕК 15 еселік мөлшері шамасында уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша төлем;

2) әлеуметтік кепілдік:

Қызметкерлерді оқыту, дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру;

1.8.4.«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кепілдендірілген:

1) Материалдық көмек:

жыл сайын төленетін демалыс берілген кезде сауықтыру үшін KMG-F-2113.1-6/PR-2045.1-6;

баланың туылуы, асырауға алуға байланысты(KMG-F-PR);

қызметкердің отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты KMG-F-2114.1-6/PR-2045.1-6;

2) Әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы:

жүктілік және бала босануға (мемлекет қамтамасыз ететінді шегеру арқылы) қатысты әлеуметтік төлемдер KMG-F-2115.1-6/PR-2045.1-6;

бала 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыстағы қызметкерлерге ай сайын төлем KMG-F-2116.1-6/PR-2045.1-6;

еңбекке қабілеттілігін жалпы жоғалту, мүгедектікке байланысты басқа жұмысқа ауысу мүмкіндігі болмағанда, еңбек шартын бұзу кезінде берілетін өтемақы KMG-F-2117.1-6/PR-2045.1-6;

қызметкердің қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелерінің біріне немесе ол болмағанда жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған тұлғаға жерлеуді ұйымдастыруға төленетін бір жолғы төлем KMG-F-2118.1-6/PR-2045.1-6;

өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған қызметкердің отбасына төлем KMG-F-2119.1-6/PR-2045.1-6;

3) әлеуметтік кепілдіктер:

науқастану жағдайына еркін медициналық сақтандыру және қызметкерлер мен оның отбасы мүшелеріне медициналық қызмет көрсету KMG-F-2120.1-6/PR-2045.1-6;

Қазақстан аумағында балаларды сауықтыру лагерлеріне қызметкерлердің 7-ден 14 жасқа дейінгі балаларының демалуын ұйымдастыру KMG-F-2121.1-6/PR-2045.1-6.

1.8.5.«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кепілдендірілген әлеуметтік қолдау түрлері осы Ережеге сәйкес беріледі.

1.8.6. Қосымша әлеуметтік пакет осы Ереженің 6.1 және 6.2-тармақтарына сәйкес ұжымдық шартпен белгіленетін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақыны, әлеуметтік кепілдіктерді қамтиды.

2. Қолдану саласы

2.1. Осы Ереже «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жүйесіне жататын және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнес-жоспарлау жүйесіне енетін компания тобының еншілес, тәуелді, білесіп бақылау кәсіпорының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне таратылады.

2.2. Қазақстан Республикасының аумағындағы филиалдың (өкілдігі) Кәсіпорындар қызметкерлерін әлеуметтік қолдау ерекшеліктері филиал қызметін (өкілдігі) реттейтін ЕТҰның ішкі құжаттарымен көзделген.

3. Анықтаулар мен қысқартулар

3.1. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдардың келесі мәні бар:

ҚМГ	- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;
Әлеуметтік қолдау	- материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдемелер түріндегі әлеуметтік пакет;
ЕТҰ	- «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар;
Еншілес ұйым	ҚМГ қалыптастырған жарғылық капиталдың бір бөлігін иеленетін, немесе олардың арасында жасалған шартпен (немесе өзге түрдегі) ҚМГ осы ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындауға мүмкіндігі бар заңды тұлға;
Тәуелді ұйым	- ҚМГ дауыс беруші акциялардың (қатысу үлесін) жиырма пайыздан астамына ие, бірақ Еншілес ұйым болып табылмайтын акционерлік қоғам;
Ұжымдық шарт	- кәсіподақ немесе өзге уәкілетті өкілдер атынан қызметкерлер ұйымы және ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуші жұмыс беруші арасындағы жазбаша келісім түріндегі құқықтық акт;
Қызметкерлер	- ЕТҰ-мен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға;
Қызметкер отбасының мүшелері	- қызметкердің жақын туыстары – ері/жары, кәмілетке толмаған балалары, орта және жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалар, сондай-ақ қызметкермен бірге тұратын кәмілетке толған мүгедек балалар, қызметкердің ата-аналары;

Материалдық көмек	- әлеуметтік жәрдемақыларды және өтемақы мен әлеуметтік кепілдіктерді қоспағанда жұмыс берушінің қызметкерге ақысыз бір жолғы төлейтін ақшалай төлемі;
Әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы	- кірісті жоғалту қатерінің туындауына байланысты жұмыс берушінің қызметкерге немесе оның отбасы мүшелеріне ақысыз ақшалай төлем;
Әлеуметтік кепілдік	- маңызды әлеуметтік- экономикалық құқықтарын (сауықтыру, медициналық қамтамасыз ету және т.с.с.) іске асыру үшін жұмыс беруші қызметкерге, оның отбасы мүшелеріне қамтамасыз ететін игілік жиынтықтары;
Тарифтік мөлшерлеме	- уақыт бірлігіне (біліктілігі) белгілі бір қиындықты (еңбек міндеттерін) еңбек нормаларын орындағанына қызметкерге еңбекақы төлеудің бекітілген мөлшері;
Айлық есептік көрсеткіш	Тиісті қаржылық жылға республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін зейнетақыны, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін Қазақстан Республикасында қолданылатын көрсеткіш.

3.2. Қолданылатын, дегенмен осы Ережеде белгіленбеген терминдер, Қазақстан Республикасы заңнамасында, ҚМГ-ның Жарғысында және ішкі құжаттарында қалай қолданылса, сол мағынада қолданылады.

4. Жауапкершілік

4.1. ҚМГ:

- 1) Кепілдік пакетке енетін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдемелердің түрлерін анықтауға және мөлшеріне;
- 2) ҚМГ компаниясы тобының қызметкерлерін, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қолдаудың бірыңғай саясатын қалыптастыруға жауап береді;

4.2. ЕТҰ кураторлары белгіленген тәртіппен жетекшілік ететін ЕТҰдың ішкі құжаттарының осы Ережеге өз мерзімдер сәйкестендірілмеуіне жауап береді.

5. Процесті сипаттау

5.1. Кепілдікті әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету шарттары

5.1.1. ЕТҰлар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімдерімен белгіленген мөлшерге сәйкес әлеуметтік кепілдік пакетіне енетін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдемелерді қамтамасыз етеді.

5.1.2. Қаржылық мүмкіндік болған жағдайда, ЕТҰ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен келісілген бюджет шеңберінде әлеуметтік кепілдік пакетіне енетін

материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдемелердің мөлшерлерін өзгерте алады.

5.2. Қосымша әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету шарттары

5.2.1. ЕТҰ кепілдеме пакетін қамтамасыз етуге жеткілікті қаражаты болғанда ғана, қосымша пакетті қалыптастыруды қарастыруға құқықты.

5.2.2. Әлеуметтік кепілдік пакетіне енетін материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдемелер түрлерінің тізбелері және мөлшерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен келісілген бюджет шеңберінде ұжымдық шартпен белгіленуі тиіс.

5.2.3. Қосымша әлеуметтік пакетпен жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау шаралары көзделі алады.

5.3. Әлеуметтік қолдау және оларды алушыларды қаржыландыру туралы шешім қабылдау

5.3.1. Тиісті материалдық көмек, әлеуметтік жәрдемақы және өтемақы, әлеуметтік кепілдік алушыны анықтау және төлеуді Жұмыс беруші жүзеге асырады.

5.3.2. Жұмыс берушінің шешіміне немесе Ұжымдық шартқа сәйкес Кәсіподаққа келесі құқықтар беріледі:

1) әлеуметтік кепілдік алушы кандидатурасын (келісу) ұсыну:

- Қазақстан шегінде балаларды сауықтыру лагерлерінде қызметкерлердің 7-ден 14 дейінгі жастағы балаларының демалысын ұйымдастыру;

- қызметкерлерді санатория - курорттық емдеу;

- орта және жоғары оқу орындарында балаларды оқыту;

- тұрғын үй мәселелерін шешуге көмек көрсету;

2) тиісті әлеуметтік кепілдік алушыны анықтау және қаржыландыру:

- санатория-курорттық емдеу;

- Қазақстан шегінде балаларды сауықтыру лагерлерінде қызметкерлердің 7-ден 14 дейінгі жастағы балаларының демалысын ұйымдастыру;

- жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау.

- мәдени – көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;

- спорт іс-шараларын ұйымдастыру.

5.3.3. Кәсіподаққа 5.3.2-тармағында белгіленген құқық берілген жағдайда, ЕТҰ ұжымдық шартпен белгіленген мерзімде кәсіподақтың есептік шотына қажетті қаражатты аударады.

5.4. ЕТҰ әлеуметтік пакетке шығыстарды белгілеу тәртібі

ЕТҰ әлеуметтік пакетке арналған шығыстары бизнес-жоспарларда жоспарланады, олар Басқарманың 2013 жылғы 23 шілдедегі (№50 хаттама б-т.) шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдарының, тәуелді қоғамдары мен бірлескен кәсіпорындарының бизнес-жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету және мониторинг ережелеріне сәйкес келісіледі.

5.5. ҚМГ құқықтары

ҚМГ Басқармасының шешімімен кепілдік әлеуметтік пакетке кіретін материалдық көмектің, әлеуметтік жәрдемақының және өтемақының, әлеуметтік кепілдіктің түрлері мен мөлшерлерін белгілеп, бекіту.

5.6. ЕТҰның құқықтары

осы Ережеге сәйкес кепілдендірілген әлеуметтік пакетті беру тәртібін регламенттеуші ішкі құжаттарды белгіленген тәртіпте бекіту;

ҚМГмен келісу бойынша қызметкерлерге және олардың отбас мүшелеріне кепілдікті және қосымша әлеуметтік пакеттер бойынша әлеуметтік қолдау үшін бюджетте қаражаттарды жоспарлауға, сондай-ақ ЕТҰ қызметінің қаржылық нәтижелері өзгерген жағдайда, шығыстардың тиісті баптары бойынша бюджетті түзету;

оқиға туындаған кезде (қызметкерден өтініш алуда) бекітілген бюджет шегінде, оның ішінде кәсіподақтың шешімі негізінде әлеуметтік қолдаудың тиісті түрін көрсету туралы шешім қабылдау;

әлеуметтік қолдау мақсатында кәсіподақтарға жарғылық қызметін іске асыруда, оған белгіленген тәртіпте демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету болып табылады.

6. Процестің нәтижелілік критерийлері

Осы Ережеде аталған әлеуметтік пакет (материалдық көмек, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар, әлеуметтік кепілдемелер) тәртібін ЕТҰ сақтауы – 100%.

7. Құжаттарға сілтемелер

2007ж. 05 мамыр №252 - III	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
KMG-PR-84.8-24	Еншілес ұйымдардың, тәуелді қоғамдардың және бірлесіп бақылау ұйымының бизнес жоспарлау ережесі;
Жалғыз акционер ҚМГ-ның шешімі (2012 ж. 12 маусымдағы №26/12 хаттамасы	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жарғысы

8. Жазбалар нысаны

KMG-F-2113.1-6/PR-2045.1-6	«Сауықтыруға материалдық көмек» әлеуметтік пакетін ұсыну шарттары
----------------------------	---

KMG-F-2114.1-6/PR-2045.1-6	«Баланың туылуы, асырауға алуға байланысты материалдық көмек» әлеуметтік пакетін ұсыну шарттары;
KMG-F-2123.1-6/PR-2045.1-6	«Қызметкер отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек» әлеуметтік пакетін ұсыну шарты;
KMG-F-2115.1-6/PR-2045.1-6	«Жүктілікке және босануға, жаңа туылған баланы (жаңа туған балалар) асырауға байланысты бір жолғы төлем» әлеуметтік пакетті ұсыну шарттары;
KMG-F-2116.1-6/PR-2045.1-6	«Бала үтімі бойынша демалыстағы қызметкерлерге ай сайын төлем» әлеуметтік пакетін ұсыну шарттары;
KMG-F-2117.1-6/PR-2045.1-6	«Жалпы еңбекке қабілеттігін жоғалтуға, мүгедектікті орнатуға байланысты басқа жұмысқа ауысу мүмкін болмаған жағдайда еңбек шарты бұзылған кездегі өтемақы» әлеуметтік пакетін ұсыну шарттары;
KMG-F-2118.1-6/PR-2045.1-6	«Қызметкердің қайтыс болуына байланысты жерлеуді ұйымдастыруға төленетін бір жолғы төлем» әлеуметтік пакетті ұсыну шарттары;
KMG-F-2119.1-6/PR-2045.1-6	«Өндірістегі жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болған қызметкер отбасына бір жолғы төлем» әлеуметтік пакет ұсыну шарттары
KMG-F-2120.1-6/PR-2045.1-6	«Қызметкер және оның отбасы мүшелері сырқаттанып қалған жағдайда еркін медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету» әлеуметтік пакетін ұсыну шарттары;
KMG-F-2121.1-6/PR-2045.1-6	«Қазақстан аумағында балалар сауықтыру лагерлеріне қызметкерлер балаларының демалысы» әлеуметтік пакетін ұсыну шарттары.

9.Блок-сұлба

Процеске ену:	Жұмыс берушінің қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы шешім қабылдауы		
Блок-сұлба	Іс-әрекет	Кім орындайды	Жазба

	1.Кепілдікті әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету 5.1.	Жұмыс беруші	KMG-F-2113.1-6/PR-2045.1-6 - KMG-F-2123.1-6/PR-2045.1-6
	2. Қосымша әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету 5.2.	Жұмыс беруші	Ұжымдық шарт
	3. Шешім қабылдау және қаржыландыру п.5.3.	Жұмыс беруші, Кәсіподақ ұйымы	Хат жазысу, бұйрықтар
Процестен шығу:	Қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік қолдау көрсету		